



BAITEREK

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ» АҚ-НЫҢ ЭКСПОРТТАУШЫЛАРҒА ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРЫ

МІНДЕТТЕМЕЛЕРСІЗ ЖӘНЕ АРТЫҚ ШЫҒЫНДАРСЫЗ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАДАМДАР

www.kazakhexport.kz





BAITEREK

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

Энергия тиімділігі не үшін қажет:

Энергия тиімділігін арттыру экспорттаушыларға мыналарға көмектеседі:

- электр энергиясы мен отынды үнемдеу есебінен өнімнің өзіндік құнын төмендетуге;
- шетелдік серіктестер тарапынан барған сайын көбірек ескеріліп жатқан парниктік газдар шығарындыларын азайтуға;
- сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті арттыруға;
- банктермен, инвесторлармен және экспорттық-кредиттік агенттіктермен өзара іс-қимылды жеңілдетуге;
- шетелдік контрагенттер тарапынан ESG және климаттық көрсеткіштер бойынша сұрау салуларға неғұрлым дайын болуға

Көптеген шетелдік серіктестер, тіпті әзірге ресми талаптар болмаса да, бүгінгі күннің өзінде компанияның энергияны қаншалықты ұтымды пайдаланатынына назар аударуда..





БАЙТЕРЕК

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

Электр энергиясы (Score 2) *Барлық секторлар үшін өзекті*

Жылдам шаралар (айтарлықтай инвестицияларсыз)

- Қыздыру және люминесцентті шамдарды LED-жарықтандыруға ауыстыру.
- Жұмыс істемейтін уақытта жарық пен жабдықтарды өшіру.
- Қоймаларда, дәліздерде, қосалқы үй-жайларда қозғалыс датчиктері мен таймерлерді орнату.
- Электр қозғалтқыштарын, желдетуді, компрессорларды жүйелі түрде тазалау және оларға техникалық қызмет көрсету

Орта мерзімді шаралар

- Ескірген жабдықты энергия тиімділігі жоғары аналогтарға (А класы және одан жоғары) ауыстыру.
- Жабдықтың жұмыс кестелерін оңтайландыру (пиктік жүктемелерді азайту).
- Тек тұтас кәсіпорын бойынша емес, цехтар / учаскелер бойынша электр энергиясын есепке алуды орнату.

Секторлар бойынша мысалдар:

- Өңдеу өнеркәсібі – энергия тиімділігі жоғары электр қозғалтқыштары мен компрессорлар.
- Тамақ өнеркәсібі – тоңазытқыш жабдықтарын оңтайландыру.
- Құрылыс материалдары – пештер мен кептіру қондырғыларының энергия тұтынуын бақылау.

Жаңғыртуды жоспарлау кезінде:

- ескірген жабдықты энергия тиімділігі жоғары (А класы және одан жоғары) жабдыққа ауыстыру;
- пиктік жүктемелерді азайта отырып, жабдықтың жұмыс кестелерін оңтайландыру;
- цехтар немесе учаскелер бойынша электр энергиясын есепке алуды орнату.





БАЙТЕРЕК

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

Отын және жылу энергиясы (Scope 1)

Жылдам және қымбат емес шаралар

- Қазандықтарға, генераторларға, пештерге, көліктерге жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету.
- Жылу мен отынның жылыстауын (утечка) бақылау.
- Қызметтік және жүк көліктерінің маршруттарын оңтайландыру.
- Жабдықтың үнемді жұмыс режимдерін пайдалану

Неғұрлым жүйелі шаралар

- Неғұрлым тиімді қазандықтарға, жанарғыларға, пештерге көшу.
- Ғимараттардың, құбырлардың, өндірістік үй-жайлардың жылу оқшаулауын жақсарту.
- Температура мен қысымды реттеудің автоматты жүйелерін орнату.

Секторлар бойынша мысалдар:

- Металлургия – пештердегі жылу жоғалтуды азайту.
- Тамақ өнеркәсібі – пісіру, қайнату, пастерлеу режимдерін оңтайландыру.
- Жеңіл өнеркәсіп – энергия тиімділігі жоғары бу генераторлары.





BAITEREK

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

Өндірістік процестер

Өнеркәсіп үшін үнемдеудің негізгі аймағы

- Өндірістің қай кезеңдерінде энергия ең көп тұтынылатынын талдау.
- Мүмкіндігінше энергияны көп қажет ететін операцияларды бір циклге біріктіру.
- Жылу рекуперациясын (шығатын жылуды қайта пайдалану) қолдану.
- Жарамсыз өнім (брак) көлемін және қайталанатын операцияларды азайту – бұл энергия шығындарын тікелей төмендетеді.





BAITEREK

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

Көлік және логистика

Экспорттаушылар үшін ерекше маңызды

- Жеткізу және тиеп-жөнелту бағыттарын оңтайландыру.
- Жиі ұсақ жөнелтілімдердің орнына неғұрлым толық жүктелген рейстерді пайдалану.
- Автопаркті жаңартқан кезде неғұрлым үнемді көлікке көшу.
- Жеткізу мен қайтарымды логистиканы үйлестіру.

Қосымша:

- Партияларды шоғырландыруды (консолидациялауды) ескере отырып, тиеп-жөнелтуді жоспарлау.
- Неғұрлым энергия тиімді шешімдерді ұсынатын логистикалық операторлармен жұмыс істеу.





BAITEREK

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

Жаңартылатын энергия көздері (мүмкіндік болған жағдайда)

- Кеңселер, қоймалар, қосалқы үй-жайлар үшін күн панельдерін пайдалану.
- Жаңартылатын көздерден алынатын электр энергиясын сатып алу (егер жеткізушіде қолжетімді болса).
- Пиктік жүктемелерді азайту үшін меншікті генерацияны пайдалану.
- ЖЭК-ті тіпті ішінара пайдаланудың өзі шетелдік серіктестер тарапынан оң қабылданады.





BAITEREK

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

Энергия тұтынуды басқару және бақылау

Ұсынылады:

- Энергия тұтынуға жауапты тұлғаны тағайындау.
- Электр энергиясын, отынды және жылуды ай сайынғы тұтынуды тіркеп отыру.
- Көрсеткіштерді айлар мен жылдар бойынша салыстыру.
- Шоттар мен құжаттарды сақтау – олар шығындарды басқару және ESG-есептілігі үшін қажет болады.

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ бұл шараларды міндетті түрде енгізуді талап етпейді.

Барлық ұсынымдар ерікті сипатта болады.

Энергия тиімділігі бойынша тіпті кішігірім қадамдардың өзі ұзақ мерзімді өзара іс-қимыл кезінде оң ескеріледі.

Шаралардың болмауы қолдау көрсету шарттарына әсер етпейді.





БАЙТЕРЕК

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі»
акционерлік қоғамы»**

Қазақстан Республикасы,
Астана қ.

Мәңгілік Ел даңғылы, 55А үй, В блогы
«Бәйтерек» бизнес орталығы, 11-қабат,

Тел.: +7 (7172) 95-56-56

Кеңсе:

Тел.: + 7(7172) 95-56-56, ішкі 300Е-mail:

info@kazakhexport.kz

www.kazakhexport.kz

